

## Стационарлық бақылау жасау пункттері туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 455 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 тамызда № 11859 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 21 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 21.01.2022 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 145-1-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Стационарлық бақылау жасау пункттері туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық мониторинг және ақпарат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2015 жыл 3 шілде

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2015 жылғы 2 шілдедегі

№ 455 бұйрығымен

бекітілген

## **Стационарлық бақылау жасау пункттері туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Стационарлық бақылау жасау пункттері туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 145-1-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және стационарлық бақылау жасау пункттерінің (бұдан әрі - СБП) мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын және олардың ұйымдастырылуына, жұмыс істеуіне, қызметінің қамтамасыз етілуіне қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) агрометеорологиялық бақылау - метеорологиялық элементтерді (ауа температурасы, жауын-шашын мөлшері және басқалар), ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өсуі мен дамуын, топырақтың жай-күйін және өткізілетін агротехникалық іс-шараларды бір уақытта бақылау;

2) актинометриялық бақылау - тікелей, шашыраңқы және жиынтық күн радиациясының үдемелілігін, сондай-ақ тиімді сәулеленуді, радиациялық теңгерім мен альбедоны (топырақтың шағылыстырғыш қабілеті) бақылау;

3) аэрологиялық бақылау - атмосфералық ауа сипаттамаларын түрлі биіктіктерге радиозондтың көмегімен көтерілетін аэрологиялық аспаптармен өлшеу;

4) гидрологиялық бақылау - су объектілерінің жай-күйін бақылау (судың деңгейі, температурасы және шығыны, мұз құбылысы, жауын-шашын, ауа температурасы, қар жамылғысы, қатты ағын, толқын, химиялық құрам);

5) теңіз гидрометеорологиялық бақылау - теңіздердің жағалық және сағалық ауданындағы теңіз ортасы (судың деңгейі және температурасы, толқыны, тұщылығы және басқа) мен атмосфераның (ауа температурасы, желдің жылдамдығы мен бағыты, атмосфералық құбылыстар) жай-күйінің сипаттамаларын бақылау;

6) теңіз ортасы - судың қабаты мен тереңдігі шектелген қоршаған ортаның физикалық, геологиялық, химиялық және биологиялық факторларының үйлесуі;

7) озонметриялық бақылау - ультрафиолетті спектр маңында күн сәулесін озонмен сіңіруін өлшеу жолымен атмосферадағы озонның құрамын анықтау;

8) жерге жақын метеорологиялық бақылау - атмосфераның жерге жақын қабатындағы метеорологиялық элементтердің сандық мәнін және олардың ауытқуын өлшеу, сондай-ақ атмосфералық құбылыстың сапалық сипаттамасын бағалау (мысалы, бұлттың формасы мен жауын-шашынның түрлері);

9) радиолокациялық метеорологиялық бақылау - радиолокатор экранында пайда болатын радио толқындар жаңғырығын бағалауға негізделген қатты дауылдарды қоса алғанда, ауа-райының белгілі бір түрін көрсете алатын атмосфералық құбылыстардың бағдар көрсеткішін, қамтуын, қарқындылығын, қарқынды үрдісін, қозғалу биіктігін өлшеу;

10) радиометриялық бақылау - қоршаған ортаның радиациялық фонын бақылау;

11) реперлік бақылау пункттері - климаттық жағдайлар мен шаруашылық әрекеттердің өзгеру әсерінен климат өзгеруінің көпжылдық үрдістерін, агрометеорологиялық сипаттамаларын құрлық, теңіз және мұхит су объектілерінің гидрологиялық және гидрохимиялық жай-күйін, геофизикалық үдерістерін, қоршаған ортаның ластану жай-күйін зерделеуді жүзеге асыратын бақылау пункттері;

12) бақылау пунктінің көрнекілігі - СБП орналасуы, онда оның жұмыс істеуіне қоршаған жермен салыстырғанда қатты білінетін және өзіндік жер бедері мен жер үстінің төсем элементтері әсер етпейді, ал СБП бақылау осы өңірдің жалпы сипаттамасы (климаты, су объектілері) үшін көрсетімді;

13) мамандандырылған бақылау - жекелеген дүлей құбылыстардың (сел, қар көшкіні және басқа да қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстар) қалыптасуын, туындауын және өту жағдайларын бақылау кешені;

14) стационарлық бақылау жасау пункті (станция, бекет) - тіркелген географиялық координаталарымен қоршаған ортаның метеорологиялық, агрометеорологиялық және гидрологиялық сипаттамаларын бақылау пункті;

15) қатынасы қиын бақылау пункттері - күрделі географиялық және климаттық жағдайларда, шөл, биік таулы аймақтарда, немесе ірі елді мекендерден алыс, тұрақты көлік байланысы жоқ қоныстанбаған ауданда орналасқан пункт.

## **2. Негізгі мақсаттары және міндеттері**

3. Қоршаған ортаның жай-күйі туралы дәйекті ақпарат алу үшін үнемді және тиімді бақылау желісін құру мақсатында СБП ұйымдастырылады.

4. СБП негізгі міндеттері атқарушы билік пен мемлекеттік басқару органдарын, сондай-ақ тұрғындарды гидрометеорологиялық ақпаратпен және қоршаған ортаның ластану деңгейі туралы деректермен қамтамасыз ету үшін атмосфераның, құрлық пен теңіздегі сулардың, топырақтың, жер үстінің, ауыл шаруашылығы дақылдарының жай-күйіне жүйелі бақылау жүргізу болып табылады.

## **3. Стационарлық бақылау пунктінің түрлері**

5. СБП негізгі (тірек) және арнайы болып бөлінеді:

Негізгі (тірек) СБП толық, дәл берілген және уақыт пен кеңістікте рұқсат етілген табиғи ортаның жай-күйі туралы ақпаратты жүйелі алу үшін қызмет етеді. Олар әрекетінің ұзақтығы жеке аумақ режимін зерделеу дәрежесімен, сондай-ақ мемлекеттік органдарға, ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің болжау құрылымдарына ақпарат беру қажеттілігімен анықталады.

Негізгі СБП-ға реперлік бақылау пункттері кіреді.

Арнайы СБП ірі су қоймаларының, суару аймақтарының, ірі қалалардың гидрометеорологиялық сипаттамаларының жергілікті ерекшеліктерін зерделеуге, ірі шаруашылық объектілерін (жылу мен атом электр станцияларын, темір жолдарды, тау-кен өндіруші кәсіпорындарын) деректермен қамтамасыз етуге, жобалық шешімдердің негізделуіне және басқа да мемлекеттік мақсаттарға арналған. Арнайы СБП іс-қимылының ұзақтығы қойылған міндеттермен анықталады.

6. СБП құрамында қатынасы қиын бақылау пункттері ерекшеленеді.

7. Реперлік және қатынасы қиын СБП тізбесі мемлекеттік бақылау желісінің қызметін қамтамасыз ететін Ұлттық гидрометеорологиялық қызметпен бекітіледі.

## **4. СБП негізгі функциялары**

8. СБП мынадай функцияларды орындайды:

1) бақылау түрлерін жүргізу:

жерге жақын метеорологиялық;  
актинометриялық;  
аэрологиялық;  
радиолокациялық метеорологиялық;  
агрометеорологиялық;  
гидрологиялық;  
теңіз гидрометеорологиялық;  
озонометриялық;

атмосфераның, құрлық суларының, теңіз суларының, топырақ пен қар жамылғысының ластану деңгейіне;

радиометриялық;  
арнайы.

2) бақылау нәтижелерін жазу және бастапқы өңдеу, қажет болған жағдайда кестелік материалдарды жасау;

3) байланыс арналары арқылы (телефон, ұялы байланыс, интернет, рация) ақпаратты жинау орталығына бақылау деректерін жедел беру.

## **5. СБП ұйымдастырылуына және жұмыс істеуіне қойылатын талаптар**

9. СБП ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі мынадай негізгі талаптар сақтала отырып, жүзеге асырылады:

1) бақылау пункттерінің көрнекілігі;

2) әдістерінің біртұтастығы мен салыстырылатындығы, бақылау нәтижелерінің өңделуі және қорытылуы;

3) алынатын нәтижелердің дәйектілігін және пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету.

10. СБП орналастыру гидрометеорологиялық режимді, Қазақстан аумағындағы қоршаған ортаның ластану деңгейін жан-жақты зерделеуді қамтамасыз ету ескеріле отырып жүргізіледі.

11. СБП бақылау түрлеріне байланысты нақты СБП-ға қойылатын талаптарын ескере отырып, жер учаскелерінде және/немесе су акваториясының бір бөлігіне орналастырылады.

12. Қоршаған ортаның жай-күйі мен оның ластануы туралы дәйекті ақпарат алу мақсатында СБП айналасында барлық бағыттар бойынша осы бақылау пункттер аумағының шекараларынан 200 метр қашықтықта, тұйықталған шектеулі сызықтармен шектелген, Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 145-1-бабының 3-тармағына сәйкес шаруашылық қызметке шектеу белгіленетін жер учаскелері (су кеңістігі) түрінде қорғау аймақтары құрылады.

13. Табиғи (ірі қалаларда, шатқалдарда, еңістіктерде, қыраттарда, орманға жақын жерлерде және т.б.) қорғанысы бар жағдайларда бақылауды қамтамасыз

етуші СБП-дің, оның ішінде мамандандырылған СБП, олардың биіктігінен он еседен кем емес қашықтықта орналасқан жеке кедергілері болуы мүмкін, сондықтан әр СБП бақылау нәтижелері олардың орналасқан белгілі бір қоршаған аудан үшін тән болуы тиіс.

14. СБП қызметтік және қажет болған жағдайларда тұрғын ғимараттармен (үй-жайлармен), көлікпен, байланыс құралдарымен, энергиямен және жылумен, өндірістік құрылыстармен, құрылғылармен және қондырғылармен, жүзу құралдарымен, арнайы киіммен және аяқ киіммен, шаруашылық бұйымдармен және құралдармен, бақылау құралдарымен (аспаптармен, жабдықтармен), шығыс және бланк материалдарымен, өндірістік-техникалық әдебиетпен, тиісті біліктілігі бар кадрлармен қамтамасыз етіледі, қатынасы қиын СБП персоналы паяк үлесімен қамтамасыз етіледі.

Паяк үлесі географиялық және климаттық жағдайына байланысты қатынасы қиын СБП 3 санат бойынша белгіленеді.

Бірінші санатқа қоныстанбаған аралдар мен түбектерде, сондай-ақ, көлік қатынастары, орталықтандырылған энерго және ауыз сумен жабдықталмаған елді мекендерден 50 километр және одан да алыс аудандарда және/немесе теңіз деңгейінен 2000 метр биіктікте және одан да жоғары биік таулы аудандарда орналасқан гидрометеорологиялық станциялар мен бекеттер жатады.

Екінші санатқа көлік қатынастары, орталықтандырылған энерго және ауыз сумен жабдықталмаған елді мекендерден 20 километр және одан да алыс аудандарда және/немесе теңіз деңгейінен 1000 метрден бастап 2000 метрге дейінгі биіктіктегі таулы аудандарда орналасқан гидрометеорологиялық станциялар мен бекеттер жатады.

Үшінші санатқа елді мекендермен тұрақты байланысы жоқ елді мекендерден 20 километр және одан да алыс аудандарда орналасқан гидрометеорологиялық станциялар мен бекеттер жатады.